

2011 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 454 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 қаңтарда № 9-20-187 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 4-19/1435 хаты)

Ескерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2011.12.30 № 4-19/1435 хаты).

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі **б е л г і л е н с і н :**

ұзақ уақыт (бір жылдан артық) жұмыс істемейтін тұлғалар;
21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Н. Қ. Өтегеновке** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов